



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 05 қыркүйек

KASE және Muscat Stock Exchange Ынтымақтастық туралы меморандум жасасты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) және Muscat Stock Exchange (бұдан әрі – MSX) ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Аталған меморандумның жасалуы KASE-нің Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) құрған Tabadul Digital Exchange Hub сандық биржалық хабына кезең-кезеңімен қосылу жобасы шеңберінде жүзеге асырылады.

Меморандумға қол қоюдың мақсаты ынтымақтастыққа қолдау көрсету және Тараптар арасындағы өзара тиімділікке және Оман сұлтандығы мен Қазақстан Республикасында қаржы қызметтері индустриясын дамыту мақсатында байланыс арналарының іске қосу болып табылады.

Muscat Stock Exchange Tabadul Digital Exchange Hub сандық биржалық хабының құрамына кіреді.

KASE Tabadul мүшесі болған алтыншы қор нарығы болып табылады. Tabadul Hub-қа техникалық қосылуды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ деривативтер үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Muscat Stock Exchange (MSX) Оманның бағалы қағаздар нарығын реттеу және бақылау және Сұлтандықтың қаржы секторының инфрақұрылымын құруға басқа ұйымдармен тиімді қатысу мақсатында құрылды. MSX өнімдер мен қызметтердің кең спектрін ұсынады. Биржа жинақтарды ынталандыру, инвестициялар туралы хабардарлықты дамыту және инвесторларды қорғау, сондай-ақ ұлттық экономика мен инвесторлардың жалпы пайдасы үшін бағалы қағаздарға ақша салудың жолдарын құру бағытында жұмыс істейді.

Абу-Даби бағалы қағаздар биржасы (ADX) — Араб аймағындағы екінші ірі нарық. ADX акциялар, облигациялар, биржалық индекстік құралдар (ETF), туынды құралдар және БАӨ бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы (SCA) мақұлдаған басқа қаржы құралдары сауда-саттығын қоса алғанда, өнімдер мен қызметтердің кең тізімін ұсынады. ADX IPO арқылы тартылған қаражат көлемі бойынша әлемнің 7 көшбасшы биржаларының қатарына кіреді. 2023 жылы биржа әлемдегі жиырма ірі IPO-ның үшеуін өткізді. ADX стратегиялық серіктестері: Абу-Даби үкіметі, Бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы (БАӨ), Дүниежүзілік биржалар Федерациясы (WFE) және Араб биржалары федерациясы.

ADX Tabadul хабын 2022 жылдың шілдесінде нарыққа өзара қол жетімділік моделі бойынша жұмыс істейтін аймақтағы алғашқы цифрлық алмасу орталығы ретінде іске қосты. Платформа инвесторларға халықаралық қатысушы биржаларда сауда жасауға мүмкіндік беретін, биржалармен

байланысты брокерлік фирмаларға қашықтан қосылуды қамтамасыз ететін саңдық биржалар желісін құрады. Tabadul-да банктік, қаржылық қызметтер мен энергетикадан бастап телекоммуникацияға дейінгі әртүрлі секторларда саудаланатын бағалы қағаздарына қол жеткізе алатын миллионнан астам инвесторлар тіркелген.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.